

Ш. Ш. Жалмаханов, тілдік дайындық кафедрасының бастығы, филология ғылымдарының докторы, профессор;

(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.);

З. З. Ордабаева, филология факультеті қазақ тілінің практикалық курсы кафедрасының аға оқытушысы, филология магистрі

(Е. А. Бәкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.)

ҚОШКЕ КЕМЕҢГЕРҰЛЫНЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК КӨЗҚАРАСТАРЫ

Аннотация. Мақалада қоғам және мәдениет қайраткері, ақын, жазушы, педагог, әдістемеші ғалым Қ. Кемеңгерұлының еңбектеріндегі тіл білімі мен қазақ тілін оқыту әдістемесі мәселелері талданады. Ұстаз Қ. Кемеңгерұлының қазақ әдеби тілінің қалыптасуында тіл тазалығы, сөздер төркіні мен тарихы, жергілікті тіл ерекшеліктері, терминдерді қалыптастыру, сауатты жазу емлесі, басқа ұлт өкілдерін қазақ тіліне үйретудің өзекті сауалдарын көтеріп, оларды оң шешудің жолдарын, өз ойларын ұсынады. Қ. Кемеңгерұлының ХХ ғасырдың 20-30-жылдары сөз еткен мәселелерінің көбі қазіргі заманда жаңа сипатты келелілігін жойған жоқ, ғалым еңбектерінің құндылығы да осында. Оның туындыларының мәні — тарих үшін ғана емес, келешекке де керек дүниелер екендігінде.

Түйін сөздер: сөз төркіні, тіл тазалығы, жергілікті тіл ерекшелігі, мемлекеттік тіл, тілмаш сөздік, оқыту әдістемесі, оқу құралдары мен оқулықтар.

Қазақ мемлекетінің қоғам және мәдениет қайраткері, ақын, жазушы, драматург, әдебиет сыншысы және көсемсөзші; педагог, әдістемеші ғалым, тарихшы, шаруашылық білгірі, бір сөзбен айтқанда, ұлт жанашыры және мақтанышы Қошке Кемеңгерұлының (1896 – 1937) лингвистикалық, әдістемелік көзқарастары тіл біліміне, оқытуға арнаған зерттеулері мен мақалаларында көрініс тапты. Бұл ілімдер жайлы еңбектерін негізінен өмірінің Ташкент кезеңінде (1924 – 1932 жж.) жазды. Түркістан республикасының астанасында жүргенде 1925 жылы «Қазақша-орысша тілмаш» (Мәскеу, «Күншығыс» баспасы), қазақ тілінен «Жабропалықтар үшін оқу құралының» 2 кітабын (Ташкент, 1928; Қызылорда, 1929) басып шығарды. САГУ-дың бірнеше факультетінің бірнеше мамандығында қазақ тілінен дәріс оқыды. 1927 жылы Г. В. Архангельский құрастырған «Грамматика казахского языка» атты еңбек Қ. Кемеңгерұлының шығыстану факультетінде 1924 – 1925 жылдары оқыған дәрістері еді. (Ол заманда құрастырған адам өз авторлығын қойып, баспадан шығара беретін болған ғой?!) 1928 жылы осы университеттің шығыстану факультетінің түркітану кафедрасына М. О. Әуезовпен бірге аспирантураға қабылданады. Зерттеуші Д. Хамзабекұлы Қошке Кемеңгерұлының Юдахин, Поливанов, Шмидт секілді ұстаздарымен қазақ тілінің мәселелері жайында пікір таластырғанын, 1929 жылғы мамыр айында жаңа орфография мен термин жасау принциптері жөнінде Қ. Жұбанов, Е. Омаровтармен пікірлес болып, бұра тартқан еуропалық ғалымдармен орнықты пікір таластырғанын жазады. Д. Хамзабекұлы Қошке Кемеңгерұлының тіл туралы еңбектерін алғаш сөз еткен (1981 жылы) филология ғылымдарының докторы, профессор Қ. Есенов («Қазақстан мұғалімі» газеті, 1981, 26 маусым) екенін, одан кейін 1987 жылы филология ғылымдарының докторы, профессор Б. Хасанов «Казахско-русское двуязычье» атты еңбегінде бірер туындысын атап өткенін бағамдай келіп, Қ. Кемеңгерұлының мұрасының зерттелуінің бір саласы тілші ғалымдығы, әдіскерлігі, сөздіктері мен аудармалары лингвистикалық тұрғыда қарастырылуы қажет деген міндет қояды [1].

Қ. Кемеңгерұлы қазақ тіліне байланысты мәселелерді жалпы оқу-ағарту, мамандар дайындау, оқулықтар жазу істерімен тығыз байланыста қарастырады. 1924 жылы жазылған «Қазақ тарихынан» атты зерттеуі «Басқармадан» деген атаумен берілген Ғаббастың алғысөзінен, кіріспеден, «Меңгеру жайы», «Мәденилеу орыс қандай үлгі берді?» деген тараулардан, III, IV тарауларды шартты түрде «Патша үкіметінің қазақ даласындағы саясаты», «Қазақ даласы 1917 жылдың ақпан, қазан төңкерістері кезінде» деп атауға болады. Еңбекте Ресейге бағынғанға дейінгі қазақ қалпын қазақ мәтелдерінің мазмұнымен түсіндіреді. Мәселен, «Әй дейтін әже жоқ, қой дейтін қожа жоқ» деген мәтелдегі «әже, қожа» деген сөздердің мағынасын I, II ғасырларда қырғызда ханын — әже, үйретушіні — қожа деген деп түсіндіреді. «У жесең — руыңмен», «ордалы құлан ақсағанын білмейді», «жесір ерден кетсе де, елден кетпейді» деген мәтелдер қазақ тұрмысының қазығы ру екенін дәлелдейді. Қазақтың «Алып — анадан», «көш бастаған бәйбіше» деген мәтелдері, кейбір аталардың шеше атымен аталуы — «қазақ әйелге еркін көзбен қарағандығы», «қазақ әйелінің шаруа һәм әлеумет аумағында еркін болғандығын көрсетеді. Еркек жаудан қорғаушы болса, әйел шаруа сақтаушы болды. ... Осылай еңбек бөлісіп жүрген заманда, дүмшелердің шала піскен шарифаты әйелді абақтыға кіргізген. Күншығыс парсының әдеттері кіріп, қазақ әйелі тең құқықтан айрыла бастады» дейді. Қазақта сурет салу да, мүсін жасау өнері де болған еді, оларды да тыйған дүмше молдалар дейді. Орыс империясы құнарлы жерін сыпырып алған, саясаты мен идеологиясына, тілі мен дініне шоқындыра бастағанда кірпішешендей жиырылған қазақ «ақыр заман жуықтады», «бұл дүние — кәпірдікі, ол дүние — біздікі» деп түңілгенін айтады. Осы зерттеуінде Қ. Кемеңгерұлы XIX және XX ғасырлар тоғысындағы қазақ елінің әлеуметтік-экономикалық, саяси-мәдени жағдайына шолу жасай отырып, қазақ оқығандарының іс-әрекетіне де баға береді. Мәселен, Әлихан Бөкейханов туралы «Білімімен жолды алған бір Әлихан болмаса, басқа оқыған азаматтар оқуының арқасында депутат болған жоқ», «Үкіметтің қара қуғын жасаған күндерінде, айдауына да, абақтысына да шыдап, ел үшін басын құрбан қылған ат төбеліндей ғана азамат тобы болды. Бұл топты баулыған Әлихан. Әлиханның қазақ еліне істеген тарихи қызметі: әдеби тіл тууына себеп болды, өзіне ерген топты діни фанатизмге қарсы тәрбиеледі. Бұдан барып татардан іргесін аулақ салған қазақ ұлты туды» деп бағалайды. А. Байтұрсынов пен М. Дулатовтар жайлы: «Қазақ арасына жаңалықтың жалынын шашқан, ескі, орта ғасырдан қалған жаңылыс оқуларды (жер айналмайды, көк өгіз көтеріп тұр, Ғайса тірі, әліп-би, әбжәт сияқты) жоғалтуға тырысқан, тін, дене соққысын көп жеген қазақ мұғалімдері, шәкірттері. Бұлар өз әлінше төңкеріс ұясы болған татар медреселерінен шықты. Әдебиет алабын кеңейтіп, оқу ұранын көтерді. Бір Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатовтан басқа орыс школдарынан шыққан азаматтардың қазақ тілінде жазған әдеби кітаптары болмады». «1905 жылға шейін парсы, араб тұрмыстарынан алынған, шала тілмен жазылған қиссалар шығып, көбінде діншілдік рухы ұран болды. Қазақты білім-өнерге шақырған, ескілікті мінеген әдебиет 5-ші жылдан кейін (1905 жылдан кейін — Ш.Ж.) туа бастады. Алғашқы кезде татар исламдық әсері күшті болып, ұран ретінде жазылған өлең кітаптар арап-парсы сөздерімен ащы тұздықталатын болды. Міржақыптың «Оян, қазақта» жол басы сайын қосқан арап сөздерін азсынып, орыс сөздерін қосуы — жоғарыға дәлел. Жалғыз-ақ нағыз қазақ тілімен Ахмет Байтұрсынов «Қырық мысалды» жазып шығарды. Қазақ елінің әр түрлі тұрмыстық жұмбақтарын шешкендіктен, елді оятқан үлкен күш болды. Тақпақты сүйетін қазақ бұл екі кітапты үлгі орнында ұстап, мысал орнында айтатын болды.

Ұлы Қазан революциясының алғашқы съездерінде қаулы болып қабылданған «ұлт мектептері ашылсын, ана тілі дереу қолданылсын» деген шешім тілек күйінде қалып, мектептердің ашылуына, ана тілінің оқытылуына, кітаптар шығаруға қам жасалынбай отырғанын сынап, оны қиын кезеңде біртіндеп, сатылап қалай шешуге болатынының жолдарына өз ұсыныстарын жасайды.

Қазақтың жағдайын жақсарту үшін саяси-әлеуметтік тәрбиені, оқуды қолға алу керек. Оқу мінез, шаруа кемшіліктерін жояды. Оқу жұмысы қолға алынбаса, қазақ жұрты бұл тығырықтан 50 жыл бойы шыға алмайды, ал 50 жылда қазақ құрып бітеді дейді. «Уездік

қалада бар пәндерді орысша оқытатын школа ашу керек. Қазақ тілі бір сабақ болып кірсін. Орыс тілінде оқытылсын дегендегі қоятын дәлелім: 1) қазақтың өзінде жеткілікті оқытушылар жоқ; 2) жалпы білімнің һәм техниканың өрісін кеңейтетін қазақ тілінде кітап жоқ; 3) тұрмыс бізді мәдениеті көш-құлаш артық Ресеймен ауыл үй қондырып отыр; 4) оқу ана тілінде болсын деп кеңірдек созатын төңкерістің алғашқы қызу күндері өтті, істің өнімді жағын қарастыру керек». Қ. Кемеңгерұлының уездік қалада орысша оқыту керек деп отырғаны орыстың ілім-білімін тікелей оқып-үйреніп, шаруа мен тұрмысты түзетіп алу керек деген мақсаттан туғаны байқалады. Бұл зерттеуде автор қазақ елінің рухани және материалдық мәдениетінің қадау-қадау сауалдарын саралай отырып, оқу-білімнің, мәдениет пен әдебиеттің, дің мен тілдің өзекті сұрақтарын талдап, оның қиын түйіндерін шешуге бағытталған жолдарын хал-қадерінше нұсқайды.

Қ. Кемеңгерұлының 1925 жылы Мәскеуде «Қазақша-орысша тілмашы» шығып, оны құрастыруға Байқасқаұлы, Баймақанұлы, Дәулетбекұлы, Темірбекұлы, Сәрсенбайұлы деген азаматтар ат салысқан. Бұл «Тілмаш» та қазақ мәдени өмірінде, оқу-ағарту ісінде ерекше оқиға болып, бүкіл халықтық талқылауға түскен кездері де болған. Осы «Тілмаш» туралы оқырмандардың кемшілік деп көрсеткен пікірлеріне 1926 жылы «Еңбекші қазақ» газетінің 24 қарашасында «Қазақша-орысша тілмаш» туралы түсініс» деген «Басқарушы мен болғандықтан, оқушы жолдасқа түсініс беруді міндетім деп ұғындым» деп жауап хат жазады. Онда «Тілмаштың» еуропалықтарға арналып құрастырылғанын, сондықтан өте сирек айтылатын сөздерді кіргізгенін, кейбір жалпы қазаққа түсініксіз сөздердің болуын «Тізушілер, Бұралқыұлынан басқасы, Ақмоланың темірқазығындағы елдердікі. Сондықтан да Ақмоланың жергілікті сөздері де мол кіріп отыр» деп түсіндіреді. Сонымен қатар «Тілмашқа» кірген сөздердің біразы Радловтан, Будаговтан, қазақ тіліндегі ескілі-жаңалы кітаптардан алынғанын мойындайды. Көшірушілердің ұқыпсыздығынан 400-дей сөздің кейбір мағынасын тастап кеткен, не ауыстырып жіберген дейді. «Тілмаш» авторы оқырманның кемшілік ретінде көрсеткен сөздерінің бір парасы жергілікті сөздерге, яғни қазіргі тілмен айтқанда, диалект, говор, наречиелердің мағынасына, қолданылатын аймақтарына талдау жасайды. Сыр қазақтарының «әрекетін» арқа жағында бәле мағынасында қолданады. Арқаның «әжептәуірін» бөкейліктер *жаман* деген мағынада жүргізеді». Оқырманға «Өзіңіз білмеген сөздің бәрін керексіз қылу, қазақша емес, түсінікті емес деу ақылға сия ма?» деп, «тауқымет» Жүсіпбек пен Мұхтарда, «ғадауат» Абайда, «саранжам» Наурызбай батырдың қызбен айтысатын қиссаларында бар екенін дәлел ретінде ұсынады. «Оюлаған мінезінді таста», «Шешелеп келіп тамақ іштім», «Әтештенбе!» еліріп сөйлеген адамға, соры шыққан жерге айтылатын «таздану» деген сөздер мен сөйлемдердің мағынасын түсіндіреді.

Осы 1926 жылы «Жаңа мектеп» журналының 14-15 сандарында «Қотыр сөздер» деген мақаласында жат сөздерді қазақ тілінің құрылысына, үндестік заңына үйлестірудің келелі мәселелерін қозғайды. «Трест» сөзіне тіресі, тресті, тресте (жатыс жалғауымен айтқанда «трестта» емес) болып, *Италия* жуан сөз, сондықтан *-ге* жіңішке сөздің жалғауын қосақтауға болмайды. «Бұл ... «Тіл құралын» өмірінде оқымаған топастың жұмысы болады» дейді. Десятина, курстар, Скандинавия, губерниялық, уаде, бюджет деген сөздерді десетине, күрістер, Искендинеу, губернелік, уәде (уада), бүтжет деп жазу керек дейді.

Газетте қазақтың төл сөздерін де стильдік жағынан дұрыс қолданып, дұрыс жазбай жүргендерін сынап, өз нұсқаларын ұсынады. Мәселен, «не бар болғаны», «балдар», «жылқышылық» деген сөз тіркестері мен сөздерге байланысты. Алғашқы тіркесті «бар болғаны, барлығы» десе, жылқышылық емес, жылқы өсіру, балдар дегеннің дұрысы — балалар, балдар дейтін түбірі бал емес қой, Сыр қазақтары сөйлегендегі сөздерін жазуға да қолданған деп сынайды. Мақаланы «Қазақ тілі осы күнде мемлекет тілі болып отыр. Сондықтан жазуға талабы бар азаматтар «Тіл құралдары» мен Нәзірдің, Халелдің «Үндестік заңы» туралы жазған кітапшаларымен табысу керек» деп тәмамдайды.

XIX ғасырдың 20-жылдарының ортасында, Кеңес үкіметі өз күшіне міне бастағанда, ұлт республикаларында ана тілінде оқыту проблемасы өткір қойыла бастады. Сол дәуірмен үндес

мектеп қай тілде, қандай әдіспен оқытылуы керек деген сауалдар Қ. Кемеңгерұлының «Жат тілде оқыту әдісі»(1927), «Мектеп қай тілде болу керек?» (Айтыс ретінде) (1927) деген мақалаларында қозғалды. «Жат тілде оқыту әдісі» мақаласы 1927 жылы «Жаңа мектеп» журналының 3-4 – сандарында жарияланды. Ол кезеңде тіл оқытудың (үйретудің) 2 ағымы болды. Алғашқысы – тіл үйретуді әріптен (дыбыстан) бастап, сөзге, сөйлемге көшу бағыты, яғни тіл құралындағы ережелерді ана тілінен де, жат тілден де (шетел тілінен де – Ш.Ж.) келтіріп жаттықтыру. Бұл оқытуды үйлестіру (синтез) әдісі деп атады. Екінші ағым – тіл үйретуді байланысты (байланыстыра — Ш.Ж.) сөйлеуден бастап, сөйлемді сөзге, сөзді буынға, буынды әріпке (дыбысқа — Ш.Ж.) көшу бағыты, тіл құралын керекті жерінде ғана қолдану. Бұл оқытуды талдау (анализ) әдісі деп атады. Аталған ағымдар мен әдістердің өзіндік жетістігі де, кемшілігі де болды. Сол ұтымды, ұтымсыз тұстарын да санамалап түсіндіреді. Сол заманда болған Технердің «Көрнекті әдіс», Фриденбергтің «Еңбек мектебіндегі әдіс», «Жазу жолы», Ганчина мен Кестеренің «Кітап оқу жобасы», Ганчинаның «Сөзге байыту жолы», «Аударудың керектігінің әдісі», Мамунаның «Алғашқы жылдарда оқыту әдісі мен програм» деген түрлі әдістеме мектептерінің негізгі қағидаларын түсіндіреді. Бұл қағидаларда қазіргі заман әдіскерлеріне тілді оқыту мен үйрету барысында әлі де құндылығын жоймаған тәсілдер мен жолдар жеткілікті. Қ. Кемеңгерұлы оқыту әдістемесінің түрлі ағымдарын тәжірибелі педагог ретінде түсініп, түсіндіріп саралайды, жүйелейді. Демек, кемеңгер Кемеңгерұлы педагогика ғылымының осы саласымен түбегейлі шұғылданғанына көз жеткізуге болады.

«Еңбекші қазақ» газетінің 1927 жылы 1-ақпандағы санында шыққан «Мектеп қай тілде болу керек?» мақаласы ауыл мектебінің көкейтесті сауалдарын талқыға салады. Ауыл мектебінің үйі, құрал-сайманы, кітабы, оқытушысы сай емес. Мақаланың басты лейтмотиви — «Егер орта мектепте оқу орыс тілінде болса, бізден еш уақытта жеткілікті оқытушы шықпайды. Ұлт мектептері, ұлт мәдениеті болмайды», «Орта мектеп орыс тілінде жүрсе, қазақ тілінде кітап басылудың қажеті болмай қалады. Пән кітаптары қазақ тіліне аударылмайды». «... Орыстарда неміс, ағылшын тілдері қандай әдіспен оқытылса, бізде де орыс тілі сондай әдіспен оқытылу керек», яғни орыс тілі шетел тілі ретіндегі әдістемемен үйретілуі, оқытылуы қажет деген сөз. Бұл талап, бұл идея Кеңес Одағының ұлт республикаларында «Русский язык в национальных школах» деген бағдарламамен ХХ ғасырдың 60-жылдары ғана қолға алына бастағанын ескерсек, педагог ғалымның көрегендігіне көз жеткіземіз. Автор мақаласын түйіндей келе, «Орта мектеп қазақ тілінде болса, жоғары мектеп те бара-бара қазақшаға айналады» деген арман-мүддесін ортаға салады. Қ. Кемеңгерұлының бұл арманы кешегі Кеңес үкіметі тарағанға дейін, 70 жыл ішінде де мүдделі іске айналмағаны тарихтан белгілі.

Қошке Ж. Аймауытұлы, Ғ. Байтасұлымен бірге «Ақ жол» газетінің 1924 жылғы 12-желтоқсандағы санында жариялаған «Қазаққа пайдалы жас талап» мақаласын қазақта сирек кездесетін мамандық иесі, жас суретші Ғаббас Амантайұлына арнаған. Суретшілік өнерді дамыта отырып, қазақта мұражай, клуб, театр, мекемелер, ғимараттар декорациясын қалыптастыруға болатынын идея етіп ұсынады. Бұл өнер түрін дамыту үшін осы өнердің иелеріне мемлекеттік қамқорлықтың қажет екенін «...тіршіліктің ауыр соққысына иленіп, күйсіз, құл болып жүрген өнер өркендемек емес. Жақсы нәрсе шығару үшін қамсыз тұрмыс, көтеріңкі көңіл керек. Күйсіз жүйрік жүгірмейді» деп түйіндейді. Суретшілік өнердің ұлттық сипатын жалпы кітаптарды, оның ішінде, оқу кітаптарын безендіруге де, Қошкешке айтқанда, «сүгіреттермен зейнеттелуге де» пайдалану керектігін тілге тиек етеді. «Әліппеден бастап, терең пән кітаптарына шейін сүгіретпен басылу керек. Әйтпесе, оқыту әдісінің шарты табылмайды деп оқушы мен оқырманды көрнекілік әдісімен оқыту мен тәрбиелеуді мақсат етіп қояды [2].

Түйіндей келгенде, Қошке Кемеңгерұлының лингвистикалық және әдістемелік көзқарастары өз заманындағы тарихи, саяси-әлеуметтік, экономикалық жағдайларға байланысты жалпы білім мен ғылымға деген ағартушылық талап-мүдделерден туындап отырады; ұлттық тіл мен оны қазаққа және өзге ұлт өкілдеріне оқыту мен үйретуді мемлекеттік тұрғыда

қарастыруды ұсынады; қазақ әдеби тілінің туу, қалыптасу кезеңінде тілдің тазалығын сақтауға, қоғам өмірінде қолданылу өрісін кеңейтуге, ғылым тілі терминологияның, сауатты жазу мен сөйлеудің мықты негізін салуға өзіндік үлес қосты. Қошке Кемеңгерұлының көзқарастары бүгінгі күн үшін де келелі ой, өзекті пікір болып қалғандығы — ұлт жанашырының ұлт мүддесі жолына қысқа ғұмырын арнағандығының нәтижесі.

РЕЗЮМЕ

В статье анализируются лингвистические и методические работы писателя, поэта, лингвиста-методиста К. Кемеңгерұлы — автора учебников по грамматике казахского языка и разговорника для представителей европейской национальности, посвятившего несколько статей проблемам казахского литературного языка: терминологии, орфографии, этимологии, диалектологии, репрессированного в 30-е годы XX в. по статье «враг народа».

По мнению авторов, многие лингвистические и методические проблемы, затронутые в трудах К. Кемеңгерұлы, актуальны для современной лингвистики и методики обучения казахскому языку.

RESUME

The article considers the linguistic and methodical works on learning and teaching the Kazakh language written by KoshkeKemengueruly — a writer, a poet, a linguist and a methodologist — who worked in the 20-30-s of the XX century and was repressed under the notorious Criminal Code article as «the enemy of the people». Koshke Kemengueruly was the author of a number of books published in Moscow; among them one may find the course-books on grammar of the Kazakh language and the phrasebook for learners of European nationalities. He dedicated some of his articles to the problems of Kazakh literary style, i.e. terminology, spelling, etymology, and dialectology.

The authors of the article come to conclusion that many linguistic and methodical issues regarded in KoshkeKemengueruly's works are still actual for modern linguistics and methods of teaching the Kazakh language.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Хамзабекұлы Д. Қошке Кемеңгерұлы // Қошке Кемеңгерұлы. Таңдамалы. — Алматы, 1996. — Б. 28-30, 3-32.
2. Қошке Кемеңгерұлы. Таңдамалы // Құрастырып, алғы сөзін, түсіндірмелерін жазған Д.Хамзабекұлы. — Алматы, 1996. — Б. 41-194.